

**Ж.ДОСМҰХАМЕДОВ АТЫНДАҒЫ ЖОҒАРЫ
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КОЛЛЕДЖ**

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130
Бұйрығымен қосымша



**ОҚУ-ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНЫҢ
2020-2021 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН
ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ**

Педагогикалық кеңестің отырысында
қаралды және мақұлданды
2020 ж. "27" 08 № 1 хаттама

ОРАЛ 2020

Мақсаты: рухани байлықты, моральдық тазалықты, дене бітімін жетілдіруді, бәсекеге қабілеттілікті, прагматизмді, ұлттық сәйкестікті, білімнің табынуын, эволюциясы мен сана-сезімінің ашықтығын, әлеуметтік рөлдердің жүйесін толықтай орындауға қабілетті, ХХІ ғасырдың лайықты өмірін қалыптастыруға қабілетті жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлғаны тәрбиелеу.

Міндеттері:

- 1) ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым және практикалық жетістіктер негізінде тұлғаның дамуы мен құруды қалыптастыруға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайларды жасау;
- 2) жеке тұлғаның шығармашылық, рухани және дене бітімдік қабілеттерін дамыту, моральды, салауатты өмір салтын нығайту негіздерін қалыптастыру, жеке тұлғаны дамыту, сыни ойлау және функционалдық сауаттылықты (компьютерлік, цифрлық, математикалық, жаратылыстану, оқу сауаттылығын) дамыту үшін жағдай жасауда өзбетінше шешім қабылдау проблемалары арқылы интеллектіні байыту;
- 3) Қазақстан Республикасының Отанға деген махаббатын, азаматтылықты және отансүйгіштікті тәрбиелеу, мемлекеттік символдар мен ұлттық дәстүрлерге деген құрмет, кез келген конституцияға және қоғамға қарсы жағдайларда қарсылық таныту;
- 4) еліміздің қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттілігін, тұлғаның өз құқығын және міндетін сезінуді қалыптастыру;
- 5) отандық және әлемдік мәдениет жетістіктеріне қосылу; қазақ халқының және басқа да халықтардың тарихын, салт-дәстүрін зерттеу; мемлекеттік, ресми және шет тілдерін білу;
- 6) психологиялық-педагогикалық құзыреттілікті және ата-аналардың бала тәрбиесіне деген жауапкершілігін арттыру, жастарды дені сау отбасын құруға даярлау, отбасы институтын нығайтуда саналы атсалысу;
- 7) әлеуметтік маңызы бар балалық, отбасылық және ата-аналық бастамаларды, балалардың қоғамдық бірлестіктерінің қызметін дамыту және қолдау;
- 8) тұлғаның экономикалық ойлауын дамыту және кәсіби қалыптасуға саналы қатынасын және өзін-өзі жетілдіруге; табиғатты сақтауда белсенді азаматтық жағдайды; экологиялық сауаттылықты және мәдениетті ұстану;
- 9) бала тәрбиесінде жалпы және қосымша білім беружүйесінің рөлін арттыру; сондай-ақ, денешынықтыру және спорт, мәдениет саласындағы ұйымдар қызметінің тиімділігін арттыру;
- 10) бала тәрбиесі саласындағы ғылыми зерттеулердің сапасын арттыру;
- 11) балалардың ақпараттық қауіпсіздік деңгейін арттыру.

2019-2020 оқу жылындағы тәрбие жұмысына талдау:

Колледждегі тәрбие жұмысы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйырымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері» құжатына сүйеніп, тәрбиелік іс-шаралар «Рухани жаңғыру» бағдарламасының әр бағыты қоғамдық сананы жаңғыртудың барлық негізгі бағыттарын ескеріп жүзеге асырылды. Әр ұйымдастырылған іс-шаралар тәрбиенің мақсаты-рухани байлықты, моральдық тазалықты, дене бітімін жетілдіруді, бәсекеге қабілеттілікті, прагматизмді, ұлттық сәйкестікті, білімнің табынуын, эволюциясы мен сана-сезімінің ашықтығын, әлеуметтік рөлдердің жүйесін толықтай орындауға қабілетті, ХХІ ғасырдың лайықты өмірін қалыптастыруға қабілетті жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлғаны тәрбиелеуге бағытталып, жүргізілді.

Іс-шараларды жоспарлау барысында жаңа технологиялар, тәрбие формалары мен әдістері қолданылды. Тәрбие жұмысы жоспарына сай және ұлы мерейтойларға байланысты ірі шаралар ұйымдастырылды.

Салауатты өмір салтын насихаттау, туристік-өлкетану қызметі құралдары арқылы студенттердің білім сапасын көтеру, туған өлкесін іс жүзінде танып-білу үшін студенттер арасында *«Өз жеріңді танып, біл»* атты акция жорық түрінде ұйымдастырылды. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында БҚО тарихи-өлкетану музейімен бірлесе *«МузейСтар-2019»* жобасы жүзеге асырылды. Жобаның мақсаты-өңіріміздегі жастарға білім беретін оқу орындарын көпшілік назарына ұсыну арқылы Ақ жайықтың тандаулы жоғары және орта оқу орындарын халыққа таныстыру. Осы мақсатты жүзеге асыруда колледжіміздің 100 жылдан астам тарихына қатысты деректер, фотоматериалдар, мұрағаттық құжаттар, жәдігерлер, колледжде ұстаздарымен оқытушылардың шығармашылық жұмыстары қойылып, «Білімді жастар-ел болашағы» атты музейдің көрме залы жабдықталды.

«Ұлы Дала» жобасының аясында «Жаһанша жолымен» ғылыми-экспедициялық жұмыстары жалғасын тапты. Ресей Федерациясының Орынбор қаласына «Жаһанша жолымен» тарихи-танымдық экспедициясына колледждің белсенді, алғыр студенттері қатыстырылды. БҚО тарихи-өлкетану музейінде экспедициядан алған әсерлері мен тарихи жаңалықтармен бөлісті, халықаралық деңгейде өткен «Жаһанша оқуларында» экспедиция жұмыстары көрмеге қойылып, таныстырылды. Тағы бір айта кететін нәрсе, студенттердің оқудағы жетістіктері мен қоғамдық жұмыстардағы белсенділіктерін ескеріп, оқу-тәрбие үрдісіндегі 7 үздік студентке «Жаһанша шәкіртақысы» тағайындалды.

«Жаһанша оқулары» аясында Х.Бөкеева атындағы қазақ драма театрында оздырылды. Алыс және шетелдер мен отандық ғалымдардың қатысуымен өткізілген конференцияның бағыты мен мақсаты Жаһанша тағылымы және заманауи білім беру мен тәрбие мәселелері, қазақ зиялыларының өмірі және қоғамдық-саяси қызметі, құқықтық, әлеуметтік, зайырлы мемлекет құрудағы ұлт зиялыларының тарихи көзқарастары, рухани құндылықтар: әдебиет, ұлттық тіл, жазу, емле мәселелері аясында өтті.

Студенттердің туған жерге деген сүйіспеншілігін арттыру мен қазақ халқының және Қазақстанда тұратын өзге де ұлт өкілдерінің тілін, мәдениеті мен салт-дәстүрлерін насихаттау, дәріптеу «Жастар-қоғамның жарқын болашағы» атты облыстық фестиваль ұйымдастырылып, «2019 жыл-Жастар жылы» үздік бұрыштама номинациясының лауреаты атанды.

Халықаралық "Алаш" әдеби сыйлығының, "Құрмет" орденінің, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, ҚР еңбек сіңірген қайраткері, ақын Ақұштап Бақтыгерейқызымен *"Жырымен әлдилеген Ақжайығым"* атты жыр кеші өтті. Жыр сүйер қауым ақынның Жайықтың Ақ Шағаласынан Алаштың Ақұштабы дәрежесіне дейінгі өсу жолын оның өлеңдері арқылы таныды, түйсінді.

Ұлт Көшбасшыларының жетістіктеріне назар аударуға, жастардың бойында патриоттық және азаматтық жауапкершілік сезімін нығайтуға, сондай-ақ олардың бойында тұлғалық өсуіне қажетті дағдыларын, көшбасшылық қасиеттерін дамытуға бағытталған *«Жетістік жолы»* атты кездесу өтті.

ҰОС Жеңістің 75 жылдығына орай студенттерге соғысқа қатысушылар мен тыл еңбеккерлерінің қажымас қайраты мен қайсар рухының жеңісін және ұрпаққа аталар ерлігін дәріптеу мақсатында ҚР журналистер одағының мүшесі, БҚО тарихи-мәдени мұраларын қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекциясының инспекторы А.Қ.Батырханов және ғылыми зерттеуге көмек көрсету қорының директоры А.Ш.Құрымбаев кездесу; ардагер-ұстаз Красников Николай Григорьевичпен кездесу, Отан үшін мерт болған қаһармандардың ерлік рухына бас иіп, ұлы қолбасшы, Кеңес Одағының маршалы, төрт дүркін Кеңес Одағының Батыры, Ұлы

Отан соғысы кезінде аты аңызға айналған Георгий Константинович Жуковтің ерлігіне тағзым акцияларын, 9 мамыр күні ардагерлеріміз тұратын (Қ.Аманжолов 40, Некрасов 1/3, Студентская 1, 3) мекен-жайларындағы тұрғын үйлердің аулаларында мерекелік, құттықтау концерті өтті.

Әбу-Насыр Әл-Фарабидің 1150 жылдығына орай «Фараби әлемі» атты студенттер арасындағы облыстық конференциясы өтті, конференцияда Әбу-Насыр Әл-Фарабидің еңбектері жан-жақты талданып, студенттер қауымы үшін маңызды танымдық шара болды.

Абайдың 175 жылдық мерейтойына арналған «Абайды тану – ұлтыңды тану» атты шараны өткізу арқылы Абайтанушы ғалымдардың еңбектері арқылы Абай шығармаларының тағылымын таныту, ақынның заңгерлік қырын ашу мақсаты көзделген шарада Абайтану ғылымының негізін қалаған, ақын мұрасын бастыруға үлес қосқан тұлғалар – Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Назипа Құлжанова, әдеби хатшысы Мүрсейіт Бікеұлының т.б.еңбектері көрсетілді.

Жұбан Молдағалиевтің туғанына 100 жыл толуына орай жас ұрпақтың ақын мұрасын зерделеп, құрмет тұтатын дара туған талант иесі Жұбан ақынның көзін көрген ел аға-апаларының естеліктерінен ұлағат алу мақсатында «Жағанда жанмын жаралған...» атты әдеби кеш ұйымдастырып, ақынның көзін көрген ардагер журналист Т.Әліпқалиев, саналы ғұмырын халықтың асыл мұрасын жинап, насихаттау ісіне арнаған, ұзақ жылдар БҚО тарихи-өлкетану музейінің директоры болған, өлкетанушы С.Е.Танабаева, жұбантанушы Ү.Е.Елеубаева, «Жұбан оқуларының» алғашқы жүлдегері, «Ақжайық» арнасының тележүргізушісі Б.А.Кухаев, «Ай Қанат» қоғамдық қозғалысының координаторы Г.Ж.Әлжанова, Ж.Молдағалиев атындағы ғылыми кітапханасының қызметкері А.Р.Нуфтуллина қатысты және "Мен-қазақпын"атты облыстық онлайн эстафетаға студенттеріміз қатысты.

2020 жылдың наурыз айынан бастап қашықтан оқыту жағдайында тәрбие жұмысы онлайн режимде жалғасын тапты. Атап айтсақ, Абай Құнанбаев-175 жылдығына арналған «Желсіз түнде жарық-ай» атты табиғат лирикасы бойынша суреттер сайысы, «Құлақтан кіріп, бойды алар!» әдеби жырлар марафоны, «Шығыстың екінші Аристотелі» Redx форматында кітап оқу, «Тарихта терең ізі бар» Ұлы Отан соғысына қатысқан ардагерлеріміз туралы жобалар сайысы, «Менің отбасым соғыс жылдарында...» эсселер байқауы, «Ұлы ерлік- ұрпаққа үлгі» атты майдан әндер флешмобы, «Елін қорғау-ерге серт!» ұрпақтар сұхбаты, «Академиялық адалдық саясаты» жоспары аясында студенттер мен оқытушыларға «Жастар - сыбайлас жемқорлыққа қарсы!» челленджі, «Бос уақытыңды тиімді ұйымдастыру!», «Үйде бірге оқимыз» шаралары өтті.

Қашықтан оқыту жағдайында колледж ата-аналар комитетінің whatsapp желісіндегі чаты арқылы барлық ақпараттар мен хабарламалар, нұсқаулар, кеңестер жіберіліп үнемі байланыс жасалынды. Студенттер мен ата-аналар үшін «Қашықтан оқыту мәселесі бойынша» Call-center жұмыс жасап, студенттер өздерінің оқу үрдісі, техникалық сұрақтары және психологиялық қызметтері бойынша кеңестерін алды Колледж психологы студенттер мен ата-аналарға үй жағдайында орын алуы мүмкін «Күйзелістік жағдайлармен қалай күресуге болады» тақырыптарында видео қорлары жасалынып, үнемі кеңестер берілді.

Әр топ жетекші өз топтарының сабақ кестесіне сай байланысқа шығуын қадағалап, белгілі бір себептермен (интернет желісіндегі немесе құрылғыдағы ақаулар, студенттің денсаулық жағдайы т.б.) байланысқа шықпаған студенттердің ата-аналарына қоңырау соғу арқылы жағдайын білді. Топ жетекші аптасына бір рет топ студенттерімен әр түрлі тақырыптарында видеоконференциялар өткізді. Топ жетекшінің ата-аналармен байланыс жасайтын whatsapp желісіндегі чаттары өз баласының жағдайын айтып, топ жетекшімен тығыз қарым-қатынас жасап, ата-аналар «Біз біргеміз!» «Біздің отбасыдан», «Үйде қалыңыз!» челленджеріне өз отбасымен бірге белсене қатысты.

Оқу жылы бойы ұйымдастырылған кездесулер, конференциялар, экскурсиялар, танымдық экспедициялар, тренингтер, сұхбаттасу, ойындар т.б. іс-шаралар студенттердің шығармашылығын шыңдауға септігін тигізді. Студенттер мен ата-аналардың бойына өмірдің мәні, сүйіспеншілік, бақыт, сыйластық, татулық, бірлік, төзімділік сынды құндылықтарды дарыту арқылы адамның қоғамда өз орнын табуына, қабілет-дарынының ашыла түсуіне, ақыл-парасатын дамытуына әсері болды.

Кемшіліктер:

- Қашықтан оқыту жағдайында жоспарланған кейбір шаралардың ұйымдастырылмауы;
- Құқық бұзушылық фактілері орын алған, студенттердің қоғамдық ортада өзін-өзі ұстауы, себепсіз сабақ жіберуі, тәртібіне қатысты бірнеше жайсыздықтар орын алған.
- Студенттік өзін-өзі басқару ұйымының өзі-өзі ұйымдастыруда белсенділіктің жетіспеуі;

Ұсыныстар:

- Қашықтан оқыту жағдайында ұйымдастырылмаған шараларды жаңа оқу жылында жоспарлау;
- Құқықтық Кеңес жұмысын жандандырып, құқық қорғау органдарымен байланысты нығайту.
- Студенттік Өзін-өзі басқару ұйымының студенттерін ұйымдастыру;
-

КОЛЛЕДЖДЕГІ ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ:

р/с	Тәрбие бағыттары	Бағалау критерийлері (қарым-қатынасы арқылы)	Іске асыру механизмдері
1.	Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие Мақсаты: патриот пен азаматтың Отанға ұтымды және эмоционалды қатынасы, мемлекеттің және қоғамның заңдарын ұғыну мен сақтау, саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңсыздыққа қарсы тұру, баланың және жасөспірім ортасындағы зорлық-зомбылыққа қарсы тұруға дайын ұлтжанды азамат қалыптастыру.	Отанға, мемлекеттік жүйе, мемлекеттік саясат, мемлекеттік идеология, Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдары, мемлекеттік рәміздері (елтаңба, ту, әнұраны), заң және тәртіпке; ұлтаралық және конфессияаралық келісім, елдегі достық; экономикалық және әлеуметтік-мәдени даму саласындағы өз елінің жетістіктері; басқа адамның құндылықтары, құқықтары мен бостандықтары; өздерінің аймағының (ауыл, қала, маңайдағы) табиғаты, мәдени және тарихи өмірі; құқықтық білім және сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет; заңдардың, құқықтардың және міндеттердің талаптары; әлеуметтік құндылықтарға құрметпен қарау, мақтаныш пен жауапкершілік сезімін байыту.	Сабақтар, оқу пәндері, сабақтан тыс іс-әрекеттер, қосымша білім беру. Ерлік, намыс және абырой, Отанға адал қызмет ету тағылымдарын өткізу. Дебат және пікірталас клубтарын ұйымдастыру. Сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікке үндеген патриоттық форумдар, акциялар. Студенттердің Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін білуге арналған байқаулар мен олимпиадалар. Мемлекет, әдебиет, өнер, ғылым қайраткерлерімен, соғыс және еңбек ардагерлерімен, қоғам қайраткерлерімен, құқық қорғау, әділет органдары, мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл органдары қызметкерлерімен кездесулер. Жастардың бастамашыл жобаларын дамыту. Жастар қозғалысы қызметін; қоғамдық қорлармен бірлескен қызметті жандандыру; әңгімелер, дәрістер, семинарлар, тренингтер; саяхаттар; ақпараттық-құқықтық материалдар тарату; «сенім қызметтерін», құқық бұзушылыққа қарсы акцияларды ұйымдастыру арқылы жүзеге асырылады.
2.	Рухани-танымдық тәрбие Мақсаты: адамның рухани, моральдық-этикалық қағидаттарын, оның адамгершілік құндылықтарына және қазақстандық қоғамның әдет-ғұрыптарына сәйкес келетін рухани-адамгершілік қасиеттері мен көзқарастарын жандандыру туралы «Рухани жаңғырудың» құндылық негіздерін терең түсінуді қалыптастыру.	моральдық-этикалық нормалардың жалпыға ортақ нормаларына моральдық көзқарасын таныту; өз абыройы, ар-намысы мен міндеті; ішкі еркіндік пен моральдық шешім қабылдау; өзінің және басқа да ұлттардың мәдениеті, салт-дәстүрі, әдет-ғұрыптары; діни құндылықтары; ойлары, сөздері мен істерінің бірлігін қабылдау; өзінің мінезін ар-ұжданның ішкі дауысымен мақұлданған әрекеттер; әртүрлі мәдениеттер мен нанымдардың бірлігін; халыққа адал қызмет ету; ата-аналарына, отанына, қоғам алдындағы міндетін жетілдіру.	1. Оқудың білім беру әлеуетін нығайту арқылы: мектеп пәндері мазмұнының құндылықтарын біріктіру; әлеуметтік, қайырымдылық жобаларын дамыту және іске асыру, еріктілікті дамыту; педагогикалық кеңес, ата-аналар институты; «Өзін-өзі тану» моральдық білім беру бағдарламасының мета-ағартушылық және білім беру рөлін нығайту, «Ұлы Жібек жолы» элективті курсына мектептегі рухани-адамгершілік білім беру сапасын бақылау, рухани-адамгершілік тәрбиелеу аясында қосымша тәрбие жүйесінің мүмкіндіктерін кеңейту. 2. Өңірлік бағыттағы клубтық бірлестіктердің жұмысын дамыту, виртуалды тарихи-өлкетану көрмелерін құру, өңірлік оқуларды, сағаттарды, акцияларды, фотокөрмелерді ұйымдастыру, тарихи, сәулет және естелік орындарға экскурсияларды ұйымдастыру, білім алушылармен «Мұражайдағы бір күн» жобасы аясында өздері мұражайдың экскурсия жетекшісі ретінде мұражай

			қызметкерлерімен кездесулерді ұйымдастыру, білім алушылар үшін тарихи-мәдени көрікті жерлер, өңірдегі археологиялық қазбалар, табиғат ескерткіштеріне, соның ішінде білім алушылармен өңірлерге, астанаға және керісінше бағытта бару бойынша қатысушылармен мәдени және туристік экскурсияларды ұйымдастыру, онлайн-конкурстарды, эссе жазу және сурет салу конкурстарын ұйымдастыру, туған өлкеге байланысты сұрақ-жауапта балалар мен білім алушыларға жүлделер және мадақтау сыйлықтарын беру; табиғи қорықтарды, су қоймаларын, өзендердің арналарын тазарту бойынша экологиялық сенбіліктер ұйымдастыру.
3.	Ұлттық тәрбие. Мақсаты: тұлғаны жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағыттау, туған және мемлекеттік тілге, қазақ халқының мәдениетіне, этносына және Қазақстан Республикасындағы этникалық топтарға құрмет көрсету.	туған және мемлекеттік тілдерді білу; этникалық өзіндік санаға, этникалық сәйкестікке, өз халқының мәдени мұрасына, қазақ және өз халқының әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері туралы мақтаныш сезімін және жауапкершілігін көрсету; Қазақстандағы өзге ұлттардың этникалық мәдениеті; Қазақстанның басқа этникалық топтарының мәдениеті; этносаралық татулық пен келісім.	1. Оқу пәндерінде, қосымша білім беруде, сабақтан тыс қызметте жалпы адами және ұлттық құндылықтарды кіріктіру сабақтары. Этнопедагогика кабинеттерінің қызметі; Қазақстан Республикасының рәміздерін білу, қазақ халқының мемлекеттік тілі, мәдениеті мен дәстүрлері, Қазақстан тарихы, жергілікті тарих және т.б. туралы фестивальдар мен байқаулар өткізу. 2. «Менің Отаным – Қазақстан» (жастар туризмін және жергілікті өлкетануды дамыту, экспедициялар, экскурсиялар ұйымдастыру). 3. «Тарих мұра», «Өз жерінді таны» (жергілікті білім беру мен мектеп туризмін, тарихи-археологиялық қозғалысты, туған өлкенің тарихын, мәдениетін және дәстүрлерін терең зерттеу). 4. «Табиғат бесігі» (туған өлкеге жауапкершілікпен және аялап қарау)
4.	Отбасылық тәрбиесі Мақсаты: ата-аналарды тәрбиелеу, олардың психологиялық-педагогикалық біліктілігін көтеру және балаларды тәрбиелеу бойынша жауапкершіліктерін арттыру.	Өзінің жанұясы мен ұрпақтарына; отбасы құндылықтары мен моральдық қағидаларды сақтау арқылы отбасы мен неке құндылықтарына этноәлеуметтік рөлге құрмет көрсету, қастерлеу.	Білім беру ұйымдары Қамқоршылар кеңесі және ата-аналар комитеттері; Репродуктивтік денсаулық орталықтары, мамандардың консультациялары, бірлескен отбасылық іс-шаралар; «Өзін-өзі тану» ҰДО бағдарламасы шеңберінде ата-аналарды оқыту, жастар мен ерлердің мінез-құлық мәдениеті туралы сұхбат алу, жоғары сынып білім алушыларына және жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған «Отбасылық өмірдің этикасы» бойынша элективті курстар ұйымдастыру; білім беру ұйымдарының қызметіне ата-аналардың қатысуы; әкелердің, әжелердің клубтары; ақсақалдар кеңесі; мемлекеттік тапсырыс бойынша ата-

			аналарға психологиялық-педагогикалық көмек, жалпыға бірдей білім беру; үкіметтік емес ұйымдармен ынтымақтастық; аула клубтарының жұмысын қалпына келтіру; өтеусіз негіздегі қосымша білім беру мекемелеріне балалар мен жастарға қолжетімділікті ұйымдастыру; элективті курстар, фестивальдер, конкурстар, «Менің отбасым», «Жыл отбасы» конкурстары; кітап көрмелерін және кітап өнімдеріне қоғамдық шолу; «Кітап оқитын мектеп», «Кітап оқитын колледж», «Кітап оқитын ЖОО» жарыстары өткізілді.
5.	Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие Мақсаты: кәсіби өзін-өзі анықтауға, адамның экономикалық ой-өрісін және экологиялық мәдениетін дамытуға деген саналы қатынасты қалыптастыру. мәдениетін дамыту.	кәсіптік білім мен өнімділікті дамытуға жауапты қатынастың көрінісі; мамандық таңдаудағы жауапкершілік; қызмет орнында көздеген мақсаттарына жету; экономикалық және экологиялық даму саласындағы мемлекеттік саясатқа, атап айтқанда «Жасыл экономика» бағдарламасына деген оң көзқарас; өсімдіктерге, экологиялық сауаттылыққа, табиғатқа, айналаңыздағы адамдар және өзіңізге құрметпен қарау; «адам - қоғам - табиғат» жүйесі; қоршаған ортаны қорғау саласындағы әртүрлі іс-шаралар; нарықтық экономиканың заңдарын түсіну; экологиялық қауіпсіз мінез-құлық нормаларына, қоршаған ортаны құрметтеуге деген саналы көзқарастың көрінісі.	1. Сабақ барысында, технология сабақтарында, қосымша білім беру, сыныптан тыс, сабақтан тыс қызметтегі еңбек тәрбиесі. Сенбіліктер, кәсіпорындарға экскурсиялар, тәлімгерлермен кездесулер, инноваторлар, табысты кәсіпқойлар, тәлімгерлік, дуальды білім беру, кәсіби біліктілік байқауы, студенттік құрылыс және педагогикалық ұжымдардың қызметі. «Өмір мен мансапты жоспарлау», «Кәсіби сынақтар» жобаларын жүзеге асыру. «Технология» пәні материалдық-техникалық базасын нығайту, оқу семинарлары мен зертханалар. «Жасыл ел» қозғалысында және «Өзін-өзі тану» ҰҚО-ның волонтерлік қозғалысына қатысуы барысында экспедицияларға қосымша білім алу, өз елінде тұрған волонтерлермен білім беру ұйымдарын, аудандық, қалалық, жасыл алаңдарды көгалдандыру және жетілдіру, экологиялық форумдар, ғылыми экологиялық жобалар, қалдықтардың табиғи аумақтарын қоқыстан тазарту. 2. «Мамандықтар әлемі» (кәсіптік бағдарлау, болашақ мамандық таңдау); «Ұлы даладағы ежелгі металлургия» (Қазақ жеріндегі металдарды өндіру әдістерінің өнертабысы жаңа тарихи дәуірді ашып, адам дамуының даму жолын түбегейлі өзгертті). «Алтын Қазына» (көркем және декоративті-қолданбалы өнерді дамыту), «Үлкен өнертабысқа алғашқы қадам» (техникалық шығармашылық және робототехниканы дамыту), «Дарындылардың елі» (театрлық қызмет және музыкаға кіріспе), «Кітап - білім бұлағы» (кітаптың мәртебесін көтеру, «кітап оқуды сәнге айналдыру», өмір бойы өзін-өзі жетілдіруді және білім

			беруді қолдау), Business» (кәсіпкерлік ойлауды қалыптастыру), «Отбасы әлемі» (отбасылық құндылықтарды сақтау, отбасылық ғибадатты сақтау), «Ұлы дала жастары» (ЖОО жүйесі мен «Болашақ» бағдарламасы жастарының азаматтық өзін-өзі тануды тарату)
6.	Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие Мақсаты: жалпы мәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның тәрбиеге дайындығын дамыту, меңгеру, өнердегі эстетикалық нысандардың бағасы, білім беру ұйымдарында көпмәдениетті ортаны құру.	толеранттылық пен жаһандық ойлауға көп мәдениетті және көп тілді; мемлекеттік, ресми және басқа да шет тілдерін білетін, мәдениетаралық байланыс; әртүрлі мәдениетке, сол немесе өзге де мәдени орталықта өзін-өзі ұстау нормаларына; тілдік және сөйлеу мәдениеті; эстетикалық идеалға, көркем құндылықтарға; шығармашылық ойлау және елестету, көркем эстетикалық қызмет, құрмет көрсету қарым-қатынасын қалыптастыру;	1. Сабақтар, өзін-өзі тану бағдарламасының барлық мәдениеттердегі жалпыға ортақ адами құндылықтардың бірлігін анықтауға, жастардың мәдениеттер мен халықтардың алуан түрлілігіндегі бірлігін көруге қабілеттілігін дамытуға ықпал жасау. Үйірмелер, әдеби клубтар; экскурсиялар: театрлар, мұражайлар, көркемөнер көрмелері, галереялар, тарихи орындар; іс-шаралар: шығармашылық кештер, балалар мен жасөспірімдер шығармаларының көрмесі, халықтар достығының фестивалі, тідік және шығармашылық клубтар, конкурстар; атақты адамдармен, өнер қайраткерлерімен кездесу, Қазақстан халқы Ассамблеясы мен этномәдени орталықтарымен ынтымақтастық орнату; оқу орындарында Қазақстан халқы шағын Ассамблеясын құру. 2.«Әдебиет», «Театр, кино және хореография», «Классикалық және дәстүрлі музыка», «Бейнелеу өнері», «Қолөнер» жанрлық бағыттар бойынша шорт-парақтары. Біздің мәдени жетістіктерді – кітаптарды, пьесалар, мүсіндерді, суреттерді, музыкалық әуендерді, ғылыми жетістіктерді және т.б. меңгеру және жетілдіру. Өткен мыңжылдықтағы халық ауыз әдебиетіндегі ұлы дала мұрагерлерінің үздік мысалдарын – ертегілер, аңыздар, болған оқиғалар, өсиеттер, эпостарды зерттеу. Тұрақты тақырыптық кітап көрмелерін ұйымдастыру.
7.	Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу Мақсаты: әр адамның интеллектуалды мүмкіндіктерін, көшбасшылық қабілеті мен дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық мәдениетінің дамуын қамтамасыз ететін мотивациялық кеңістікті қалыптастыру.	өмір бойы білім алу үшін икемділікті, ашықтықты талап ететін; өз бетінше білім алу және ақпаратты пайдалана білу; сыни тұрғыдан ойлау, алынған ақпаратты талдау және тиімді пайдалану қабілетін дамыту; зерттеу және жобалау іс-әрекеті, инновацияларға қабілеттілігі дағдыларын меңгеру; пікірталасты жүргізу дағдыларын дамыту; жасампаздық қызмет; командада жұмыс істеу, корпоративтік рухты нығайту; ақпарат көздерін сыни тұрғыдан	1. Сабақтар, оқу пәндері, элективті курстар, қызығушылықтары бойынша үйірмелер мен сабақтар, мектеп және желідегі дебаттық турнирлер, балалармен және жастармен бірлесіп атқаратын жобалық жұмыстар; сабақтан тыс жұмыстар, балалар және жастар бірлестіктеріндегі қызмет, әртүрлі деңгейдегі басқару органдарына қатысу, қосымша білім беру. Жаратылыстану-ғылыми және гуманитарлық цикл пәндерін «Өзін-өзі тану» пәнімен кіріктіру, «Жүрек тілімен өткізілетін физика», «Математика рухани-

		іріктеу; Интернет-қоғамдастығына қосылу; Интернеттегі девиантты мінез-құлыққа қарсы тұру; Интернет-сауаттылықты, сандық және функционалдық сауаттылықты қалыптастыру; ақпараттық қызметтегі этикалық нормалар; жоғары ақпараттық мәдениетті қалыптастырудағы жаңа дағдылар.	адамгершілік заңдар туралы ғылым ретінде», «Тарих пәнінің адамгершілік туралы сабақтары», «Ақпараттық мәдениет негіздері» элективті курстарын өткізу. Зияткерлік ойындар, конкурстар, тренингтер, викториналар, олимпиадалар, ғылыми-практикалық конференциялар. Дарынды мамандармен және құрдастарымен кездесулер, рефераттар, ғылыми-зерттеу, ғылыми-тақырыптық ақпараттық жобалар, шығармашылық жұмыстар, баяндамалар, хабарламалар, мектеп және студенттік медиа орталықтары, бұқаралық ақпарат құралдары, сайттар, кітапханаларды танымал ету. Психометриялық және социометриялық тестер мен әдістемелер; көшбасшылықты дамыту бағдарламалары. 2. Бағдарламалау негіздерін енгізу: сандық технологияларды меңгеру арқылы сандық сауаттылығын арттыру. Кәсіпкерлік пен бизнесті енгізу. Техникалық бағыттары бойынша олимпиадалар мен конкурстар өткізу. Балалардың қосымша білім беру бағдарламасына жаңа әдістемелерді, сандық технологияларды, ғылыми инновацияларды, математикалық модельдеуді дамытуға бағытталған SMART және STEM - элементтерді енгізу.
8.	Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты Мақсаты: салауатты өмір салты дағдыларын табысты қалыптастыру, дене және психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтай білу үшін кеңістік құру	денсаулық жағдайының скринингін; әлеуметтік мақсаттар мен рухани қажеттіліктерін тілеу және соған дайын болу; теріс әсерлерге қарсы тұрудың тиімді тәсілдерін меңгеру; табиғи алғышарттарды ұтымды пайдалану; денсаулықты сақтау мен нығайту, қауіпсіз және жауапкершілікті мінез-құлық; жаңа өмірлік жағдайларға сабырлы болу; қауіпсіздік пен тіршілік әрекетін қамтамасыз ету; денсаулық сақтау ортасын құру.	1. Сабақтар, дене шынықтыру сабақтары, оқу пәндері, қосымша білім беру, спорт секциялары мен үйірмелерін өткізу, «Өзін-өзі тану» ҰДО бағдарламасы шеңберінде репродуктивті денсаулық, нашакорлықтың, алкоголизмнің, темекі шегудің алдын алу, адамның иммунитет тапшылығы вирусы және салауатты өмір салтының негіздері бойынша ақпараттық-ағарту курстарын, семинар-тренингтерін өткізу; Денсаулық фестивальдары, спартакиадалар, қауіпсіздік бағыттары; ақпараттық-насихаттау материалдарын әзірлеу және тарату; «сенім қызметтерін» ұйымдастыру. 2. Білім алушыларды спорттық іс-шараларға, спорт клубтарына, бұқаралық, ойын және жастар арасында танымал спорт түрлерін спорт федерацияларымен өзара іс-әрекет арқылы тарту. Білім алушылар арасында салауатты өмір салтын насихаттау, оның ішінде тамақтану мәдениетін

			қалыптастыру. Көптеген спорт түрлері бойынша мектеп пен студент лигаларын дамыту.
--	--	--	---

КОЛЛЕДЖ ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНЫҢ ҚЫЗМЕТТІК БАҒЫТТАРЫ БОЙЫНША ЖОСПАР

№	Жұмыс, қаралатын сұрақтар атауы	Орындалу мерзімі	Индикаторлар \ Соңғы нәтиже	Жауаптылар
Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбиелеу.				
